ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 21 қараша №5165-23-00-2/3049 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ғ.Ә.Бектаев оңайлатылған тәртіппен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«№3 Облыстық перинаталдық орталық» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Онгарова» - Онгарова Уразгул Кувонишқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық сомасын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«№3 Облыстық перинаталдық орталық» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (ары қарай - Кәсіпорын) талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер (ары қарай – ДК) «Онгарова» - Онгарова Уразгул Кувонишқызы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

ДК «Онгарова» - Онгарова Уразгул Кувонишқызынан Кәсіпорын пайдасына тұрақсыздық сомасы 1 896 теңге, мемлекеттік бажға төленген сома 57 теңге, сонымен барлығы 1 953 (бір мың тоғыз жүз елу үш) теңге өндірілсін.

ДК «Онгарова» - Онгарова Уразгул Кувонишқызынан мемлекет кірісіне мемлекеттік баж 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу

Құжатқа қол қойылған: Бектаев Ғ. Ә., 21.11.2023
Заңды күшіне енген күні: 22.12.2023, судья Рысқұлбеков К. О., 25.12.2023
5165-23-3-1/3322

тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Ғ.Ә.Бектаев**

Құжатқа қол қойылған: Бектаев Ғ. Ә., 21.11.2023

Заңды күшіне енген күні: 22.12.2023, судья Рыскулбеков К. О., 25.12.2023

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»

5165-23-3-1/3322